



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

10.11.2020 № 2-010324-20-67368

14.10.2020 ж. №ДЗ-163

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.П. Рауға

Құрметті Альберт Павлович!

Бас прокуратура Сіздің алтын және құрамында алтыны бар шикізаттың заңсыз айналымы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту туралы депутаттық сауалыңызды қарады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада құрамында алтыны бар материалды ұрлаумен, жарылғыш заттарды өткізумен және сатып алумен, заңсыз сақтаумен және өткізумен, сондай-ақ құрамында алтыны бар шикізатты өз бетінше өндірумен байланысты қылмыстар үшін Қылмыстық кодекстің төрт бабында (ҚК-нің 188, 196, 287, 334-баптары) ең жоғары жаза мерзімі мүлкті тәркілей отырып, 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Аталған құқық бұзушылықтарды саралау барысында проблемалар орын алып отырған жоқ.

Мысалы, «Қазақалтын тау-кен металлургиялық концерні» АҚ-дан құрамында алтыны бар шикізатты ұрлау фактілері бойынша полиция органдары 2020 жылдың өткен мерзімінде 8 сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады, соның ішінде ҚК-нің 188-бабы (ұрлық) бойынша – 3, ҚК-нің 287-бабы (қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру) бойынша – 3, ҚК-нің 334-бабы (жер қойнауын өз бетінше пайдалану) бойынша – 2.

Бес іс бойынша тергеу жалғасуда, үшеуі бойынша кінәлілер сотталды.

Осыған байланысты қолданыстағы қылмыстық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық ету ерте деп есептейміз.

Бұл ретте, 1998 жылға дейінгі Қылмыстық кодексте бағалы металдардың, табиғи асыл тастардың немесе інжу-маржандардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауаптылық (ҚК-нің 210-бабы) көзделгенін атап өткен жөн.

Алайда бағалы металдар айналымын мемлекеттік бақылауды ырықтандыруға байланысты 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңмен аталған норма қылмыстық сипаттан арылтылды.

Осы Заңмен бағалы металдар мен асыл тастарды мемлекетке тапсыру ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық алынып тасталды (ҚК-нің 211-бабы).

Кейіннен, 2006 жылғы 20 қаңтардағы Заңмен бағалы металдар мен тастарды

немесе олардың құрамында бар бұйымдарды алудың, жұмсаудың, есепке алудың, сақтаудың, сондай-ақ олардың сынықтары мен қалдықтарын мемлекеттік қорға жинау мен тапсырудың ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық та жойылды (ӘҚБтК-нің 142-бабы).

Қазіргі уақытта бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу жөніндегі заңнаманы бұзғаны үшін (бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі өздері өндірген бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарға қоятын сынамалау таңбасынсыз, сондай-ақ атаулы таңба бедерінсіз бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу), сондай-ақ бағалы металдарды, асыл тастарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу/әкету үшін, тиісінше ӘҚБтК-нің 190-1 және 297-1-баптарында жауаптылық көзделген (нормалар 14.01.2016 жылғы Заңмен енгізілген).

Аталған салада әкімшілік құқық бұзушылықтарды қайталап жасағаны үшін жазаны қатаңдатуға қатысты әділет және ішкі істер министрліктеріне ӘҚБтК-нің 506-бабында көрсетілген айыппұл мөлшерін көбейту және әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде құқық бұзушылықты қайталап жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықты (әкімшілік қамау түріндегі баламасыз жазаны қолданып) енгізу туралы мәселелерді қарастыру жөніндегі ұсыныспен хат жолданғанын хабарлаймыз.

Бағалы металдар айналымы саласындағы қолданыстағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды қатаңдату бөлігінде Бас прокуратура («Прокуратура туралы» Заңның 6-бабы 6-тармағының талаптарын ескеріп) индустрия және инфрақұрылымдық даму, сондай-ақ сауда және интеграция министрліктерін құқық бұзушылықтардың профилактикасы, жолын кесу және жазаның бұлғартпастығы бойынша кешенді шаралар қабылдауға бағдарлады.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ. Нұрдәулетов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

10.11.2020 № 2-010324-20-67368

14.10.2020 г. №ДЗ-163

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Рау А.П.

Уважаемый Альберт Павлович!

Генеральной прокуратурой рассмотрен Ваш депутатский запрос об усилении ответственности за правонарушения в сфере незаконного оборота золота и золотосодержащего сырья.

Действующим уголовным законодательством за преступления, связанные с хищением золотосодержащего материала, сбытом и приобретением, незаконным хранением и сбытом взрывчатых веществ, а также самовольной добычей золотосодержащего сырья, предусмотрена ответственность в четырех статьях Уголовного кодекса (ст.ст.188, 196, 287, 334 УК), с максимальным сроком наказания до 10 лет лишения свободы с конфискацией имущества.

Проблем при квалификации указанных правонарушений не возникает.

К примеру, по фактам хищений золотосодержащего сырья в АО «Горно-металлургический концерн Казахалтын» органами полиции за истекший период 2020 года начато 8 досудебных расследований, из них по ст.188 УК (кража) - 3, ст.287 УК (незаконные приобретение, передача, сбыт, хранение, перевозка или ношение оружия, боеприпасов, взрывчатых веществ и взрывных устройств) - 3, ст.334 УК (самовольное пользование недрами) – 2.

По пяти делам следствие продолжается, по трем виновные осуждены.

В этой связи полагаем преждевременным инициировать вопрос внесения изменений и дополнений в действующее уголовное законодательство.

При этом следует отметить, что в Уголовном кодексе до 1998 года предусматривалась уголовная ответственность за незаконный оборот драгоценных металлов, природных драгоценных камней или жемчуга (ст.210 УК).

Однако в связи с либерализацией государственного контроля за оборотом драгоценных металлов Законом от 9 июля 1998 года указанная норма была декриминализована.

Этим же Законом была отменена уголовная ответственность за нарушение правил сдачи государству драгоценных металлов и драгоценных камней (ст.211 УК).

Впоследствии Законом от 20 января 2006 года была отменена и административная ответственность за нарушение правил получения, расходования,

учета, хранения драгоценных металлов и камней или изделий, их содержащих, а также сбора и сдачи в государственный фонд их лома и отходов (ст.142 КоАП).

В настоящее время за нарушение законодательства по реализации ювелирных и других изделий из драгоценных металлов и драгоценных камней (реализация ювелирных и других изделий из драгоценных металлов и драгоценных камней без наличия пробирного клейма, а также оттиска именника, проставляемого субъектом производства ювелирных и других изделий из драгоценных металлов и драгоценных камней на произведенных ими ювелирных и других изделиях из драгоценных металлов и драгоценных камней), а также ввоз/вывоз на территорию Республики Казахстан драгоценных металлов, драгоценных камней, сырьевых товаров, содержащих драгоценные металлы, ювелирных и других изделий из драгоценных металлов и драгоценных камней предусмотрена ответственность ст.ст.190-1 и 297-1 КоАП, соответственно (нормы введены Законом от 14.01.2016 года).

Относительно ужесточения наказания за повторное совершение административных правонарушений в указанной сфере сообщаем, что министерствам юстиции и внутренних дел направлено письмо с предложением рассмотрения вопросов об увеличении размеров штрафа, предусмотренного статьей 506 КоАП, и введении административной ответственности за повторное совершение правонарушения в течение года после наложения административного взыскания (с применением безальтернативного взыскания в виде административного ареста).

В части ужесточения государственного контроля за соблюдением действующего законодательства в сфере оборота драгоценных металлов, Генеральной прокуратурой (с учетом требований пункта 6 статьи 6 Закона «О прокуратуре») ориентированы министерства индустрии и инфраструктурного развития, а также торговли и интеграции на принятие комплекса мер по профилактике, пресечению правонарушений и неотвратимости наказания.

**Генеральный Прокурор
Республики Казахстан**

Г. Нурдаулетов